

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ**



**ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН**

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)**

2020 жылғы 5 наурыздағы № ДС-72

Құрметті депутаттар!

Сіздердің еліміздің су шаруашылығындағы проблемалық мәселелерге қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Су қауіпсіздігін қамтамасыз ету тек бар су ресурстарына ғана емес, көбінесе су ресурстарын басқарудың институционалдық негізі, гидрологиялық ақпараттың болуы және су шаруашылығы инфрақұрылымы жұмысының тиімділігі сияқты маңызды факторларға байланысты болады.

Осыған байланысты, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» мемлекет Басшысының 2019 жылғы 17 маусымдағы № 17 Жарлығымен Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі (бұдан әрі - ЭГТРМ) құрылды, онда су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы негізгі функциялар мен өкілеттіктер шоғырланған.

Аталған шара су ресурстарын басқарудағы негізгі функцияларды біріктіруге мүмкіндік берді: су заңнамасы, трансшекаралық су ынтымақтастығы, республикалық маңызы бар су шаруашылығы инфрақұрылымы (Су ресурстары комитеті, «Қазсушар» РМК), су ресурстарының сапасы мен мониторингі (Экологиялық реттеу және бақылау комитеті, «Қазгидромет» РМК), жер асты су ресурстары (Геология комитеті).

Су ресурстарын басқарудағы тұтас және кешенді тәсілді қамтамасыз ету үшін ЭГТРМ Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 24 қаңтардағы Үкіметтің кеңейтілген отырысында берген тапсырмасын орындау үшін Қазақстанның су ресурстарын басқарудың 2020 – 2030 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Мемлекеттік бағдарлама) әзірлеуде.

Әзірленіп жатқан Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде су саласы мамандарын даярлау және бассейндік инспекциялардың рөлін арттыру мәселесі қаралатын болады. Сондай-ақ бассейндік кеңестердің рөлін арттыру, бассейндік кеңестер шешімдерінің мәртебесін заңнамалық арттыруды қоса алғанда, олар қабылдаған шешімдер мен бассейндік келісімдердің ережелерін орындау үшін қажетті жағдайларды дамыту арқылы бассейндік басқаруды күшейту пысықталуда.

Су проблемаларын талдау және болжау жөніндегі жұмыстарды жүргізу мақсатында институционалдық реформалау бөлігінде «Қазагромелиосушар» мемлекеттік мекемесін «Су проблемаларын зерттеу институты» акционерлік қоғамы етіп қайта құру мәселесі, сондай-ақ сараптама және зертханалық талдау қызметтерін құру және гидротехникалық құрылыстардың техникалық жай-күйін қадағалау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Сондай-ақ «Қазақ Су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-ны Ауыл шаруашылығы министрлігінің қарамағынан ЭГТРМ қарамағына беру бойынша жұмыс жүргізілуде.

Жалпы «Қазақ Су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС және «Су проблемаларын зерттеу институты» АҚ негізінде су ресурстары саласындағы ғылыми-зерттеулердің негізгі қызметін ұйымдастыру жоспарланып отыр.

Мемлекеттік бағдарлама жобасын әзірлеу аясында су саласының мамандарын даярлау және ғылыми қамтамасыз ету мәселесі қарастырылуда, сонымен қатар:

1) елдің су шаруашылығы мамандарын оқытатын жоғары оқу орындарында білім беру стандарттарын қайта қарау;

2) мамандарды даярлау жөніндегі арнаулы жоғары оқу орнын ашуды пысықтау;

3) әлемнің озық оқу орындарына оқытуға халықаралық гранттар бөлу;

4) ұлттық оператор жанынан конструкторлық-жобалау бюросын ашу.

Бұған қоса, ЭГТРМ су мәселелері бойынша білім беру және ғылыми-зерттеу базасын дамыту бөлігінде «су мамандықтарын» және тиісті инфрақұрылымды М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті құрамынан бөліп алу арқылы су шаруашылығы саласында мамандарды даярлау жөніндегі бейінді жоғары оқу орнын қалпына келтіру бойынша жұмыс жүргізуде.

Су шаруашылығы саласындағы салалық біліктілік шеңберін және кәсіби стандарттарды әзірлеу жөніндегі жұмыстар аяқталғаннан кейін су шаруашылығы мамандарын даярлау үшін білім беру және оқу бағдарламалары әзірленетін болады. Одан әрі осы құжаттардың негізінде су шаруашылығы саласында кадрлар даярлау жөніндегі бейінді жоғары оқу орны құрылатын болады.

Ведомствоаралық деңгейде шешім қабылдауды талап ететін су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану бөлігіндегі проблемалық мәселелер

Су ресурстарын басқару мәселелері жөніндегі ведомствоаралық кеңесте (ҚР Премьер-Министрінің 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 233-ө өкімімен құрылды) қаралатын болады.

Су ресурстары комитетінің назарын ірі қалалар мен елді мекендерді топтық сумен жабдықтау бойынша ғана аударуға қатысты, Қызылорда облысында пилоттық жобаның оң әсерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы су заңнамасына тиісті өзгерістер енгізіп, топтық су құбырларына байланысты кентішілік желілерді республикалық меншікке қабылдаудың орындылығы мәселесі қарастырылатынын хабарлаймыз.

А. Мамин

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ**



**ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН**

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
(по списку)**

На № ДС-72 от 5 марта 2020 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев ваш запрос касательно проблемных вопросов в водном хозяйстве страны, сообщаем следующее.

Обеспечение водной безопасности зависит не только от располагаемых водных ресурсов, но и во многом, от таких важных факторов, как институциональная основа управления водными ресурсами, прогнозирование и наличие гидрологической информации и эффективность работы водохозяйственной инфраструктуры.

В этой связи, Указом Главы государства от 17 июня 2019 года № 17 «О мерах по дальнейшему совершенствованию системы государственного управления Республики Казахстан» было образовано Министерство экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан (далее - МЭГПР), где сконцентрированы основные функции и полномочия в области использования и охраны водного фонда, водоснабжения и водоотведения.

Данная мера позволила объединить ключевые функции в управлении водными ресурсами: водное законодательство, трансграничное водное сотрудничество, водохозяйственная инфраструктура республиканского значения (Комитет по водным ресурсам, РГП «Казводхоз»), качество и мониторинг водных ресурсов (Комитет экологического регулирования и контроля, РГП «Казгидромет»), подземные водные ресурсы (Комитет геологии).

В целях обеспечения целостного и комплексного подхода в управлении водными ресурсами МЭГПР во исполнение поручения Президента Республики Казахстан, данного на расширенном заседании Правительства 24 января 2020

года, разрабатывается проект Государственной программы управления водными ресурсами Казахстана на 2020-2030 годы (далее - проект Госпрограммы).

В рамках разработки проекта Госпрограммы будут рассмотрены вопросы подготовки специалистов водной отрасли и увеличения роли бассейновых инспекций. Также, прорабатывается вопрос усиления бассейнового управления через повышение роли бассейновых советов, развития необходимых условий для выполнения принятых ими решений и положений бассейновых соглашений, включая законодательное повышение статуса решений бассейновых советов.

В целях проведения работ по анализу и прогнозированию водных проблем в части институционального реформирования рассматривается вопрос преобразования государственного учреждения «Казагромелиоводхоз» в акционерное общество «Институт изучения водных проблем», а также создания служб экспертизы и лабораторного анализа и по надзору за техническим состоянием гидротехнических сооружений.

Кроме того, ведется работа по передаче ТОО «Казахский научно-исследовательский институт водного хозяйства» из ведения Министерства сельского хозяйства в ведение МЭГПР.

В целом, на базе ТОО «Казахский научно-исследовательский институт водного хозяйства» и АО «Институт изучения водных проблем» планируется организовать основную научно-исследовательскую деятельность в сфере водных ресурсов.

В рамках разработки проекта Госпрограммы рассматривается вопрос подготовки специалистов водной отрасли и научного обеспечения, а также:

- 1) пересмотр стандартов образования в высших учебных заведениях страны, обучающих специалистов водного хозяйства;
- 2) проработка открытия специального высшего учебного заведения по подготовке специалистов;
- 3) выделение международных грантов на обучение в передовые учебные заведения мира;
- 4) открытие конструкторско-проектного бюро при национальном операторе.

Помимо этого, в части развития образовательной и научно-исследовательской базы по водным вопросам МЭГПР ведется работа по восстановлению профильного вуза по подготовке кадров в сфере водного хозяйства путем выделения «водных» специальностей и соответствующей инфраструктуры из состава Таразского государственного университета им. М.Х. Дулати.

После завершения работ по разработке отраслевых рамок квалификаций и профессиональных стандартов в области водного хозяйства будут разрабатываться образовательные и учебные программы для подготовки специалистов водного хозяйства. Далее на основе этих документов будет сформировано профильное высшее учебное заведение по подготовке кадров в сфере водного хозяйства.

Рассмотрение проблемных вопросов в части эксплуатации водохозяйственных сооружений, требующих принятия решений на межведомственном уровне будет осуществляться на Межведомственном совете по вопросам управления водными ресурсами (образован распоряжением Премьер-Министра РК от 30 декабря 2019 года № 233-р).

Касательно акцентирования внимания Комитета по водным ресурсам только на групповом водоснабжении крупных городов и населенных пунктов сообщаем, что учитывая положительный эффект пилотного проекта в Кызылординской области, рассматривается вопрос целесообразности принятия в республиканскую собственность внутрипоселковых сетей подвешенных к групповым водопроводам с внесением соответствующих изменений в действующее водное законодательство Республики Казахстан.

А. Мамин

*Исп.: К. Мейрембеков
Тел.: 75-00-33*